

А.А. Абаев

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: aidos_men@mail.ru)*

Ауылдық аумақтардың дамуындағы еңбек ресурстарының рөлі

Мақалада ауылдық жерлердегі еңбек ресурстарының қалыптасу мәселесі қарастырылған. Автордың пікірінше, еңбек ресурстары бұл еңбекке қабілеті бар адамдардың еңбек етуі болып табылады. Аумақтардағы еңбек ресурстарының құрамы тұрақты, мерзімді және уақытша жұмыскерлермен толықтырылатыны баяндалған. 2011–2015 жылдар аралығындағы Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылықтағы белсенді халықтың құрылымы талдаған. Ауыл шаруашылығындағы белсенді халықтың саны азаюда, оның басты себептеріне ауылдық жерлерден халықтың қалалық аумақтарға қоныс аударуын, ауыл жастарының қалаға жұмыс іздеп кетуін, бала тууының азаюын, жұмысқа орналастыру барысындағы ынталандыру қызметінің жетіспеушілігін жатқызуға болады. 2015 жылы ауылдық аймақтардағы жұмыссыздар саны талданды. Автор ауылдық аумақтардағы бос орындардың қалыптасу себебін экономиканың басқа салаларымен салыстырғанда жалақы деңгейінің төмендігімен түсіндіреді. Гендерлік саясат негізінде ауыл шаруашылығында жұмыспен қамтылған халықтың құрылымы қарастырылған. Мақалада ауылдардағы жұмыспен қамтылған халықтың басым бөлігін ерлерге тиесілі екені анықталған, ал әйелдер үшін еңбек қызметі екінші орында және келешегі жоқ, сондықтан олар көп жағдайда отбасына және үй шаруашылығына бейімделгені келтірілген. Мақала соңында автор ауылдық аумақтардың еңбек әлеуетін жетілдіруге байланысты нақты ұсыныстар әзірлеген.

Кілт сөздер: еңбек ресурстары, ауылдық аумақтар, ауыл халқы, жұмыспен қамту, жұмыссыздық деңгейі, тұрақты экономикалық даму, еңбек әлеуеті.

Еңбек қатынастар теориясының дамуы әдістемелік және теориялық жағынан терең зерттелген. Еңбек ресурстар өндіріс факторы ретінде — кез келген экономикалық жүйенің басты ресурсы. Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығындағы әлеуметтік-экономикалық түрлендірудің өзгерістері мемлекеттің еңбек ресурстарының қалыптасуына әсерін тигізді. Бұл сала жұмыс істеу ерекшелігіне қарай қоғамның экономикалық жүйесінің өзгерістеріне бейімделген болып табылды. Қазақстанда әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономиканы құру үшін еңбек нарығының мәселелеріне және ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына байланысты ғылыми зерттеулердің қажеттілігі керек болды. Қазіргі таңда ауылдық аумақтардың әлеуметтік-экономикалық тұрақты дамуының негізгі жағдайы — бұл қолда бар еңбек ресурстарды тиімді пайдалану.

Экономикалық әдебиеттерде, ғылыми еңбектерде және терминологиялық сөздіктерде «еңбек ресурстары» түсініктемесіне әр түрде анықтама берілген:

– халық шаруашылығында қызмет атқаратын, білімі, іс-тәжірибесі мол және қажетті жеке дамуы бар жұмыс күштері, яғни мемлекет халқының жартылай бөлігі [1];

– еңбек қызметіне қатысуға мүмкіншілігі бар рухани және жеке дамуы бар, сонымен қатар еңбекке қабілеттілігі жақсы экономикалық белсенді халықтың саны [2];

– пайдалы қызметпен айналысатын жеке дамуы бар, кәсіби біліктілігі және білім жоғары экономикалық белсенді халық санының жартылай бөлігі [3];

– ұлттық экономиканың әр түрлі сферасында пайдалы қызметпен айналысатын және заңды түрде еңбек жасы бекітілген мемлекеттің жұмыс күшінің саны [4].

Жоғарыда айтылған түсініктемелердегі анықтамалар бойынша қорытынды жасайтын болсақ, еңбек ресурстары бұл еңбек қызметін ұйымдастыратын еңбекке қабілетті жұмыс күшінің жиынтығы.

Ауылдық аумақтардағы еңбек ресурстарының құрамы тұрақты, мерзімді және уақытша жұмыскерлермен толықтырылады, сонымен қатар басқа да қызметкерлер категориясымен бекітіледі. Сондықтан ауыл шаруашылығындағы жалпы жұмыскерлердің санын ажырата білуіміз қажет, яғни ауыл шаруашылығындағы (өсімдік және мал шаруашылығы) өндіріс орындарындағы жұмыспен қамтылған. Ауыл шаруашылық қызметкерлерінің кейбіреулері экономиканың басқа салаларында жұмыспен қамтылған: құрылыс, өнеркәсіп, тұрғын үй шаруашылығы, мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету. Ауылдық аумақтарды дамытуды зерттеу еңбек нарығына байланысты. Еңбек нарығындағы қатынастардың субъектісіне жеке адам немесе тұлға, яғни өз қалауында жұмыс күші бар, сонымен қатар ауыл шаруашылығында жұмыс күшін қолдана алатын және өзінің жеке дара қызығушылығына ие болатын қызметкер жатқызылады.

Қазақстандағы ауылдық аумақтардағы еңбек нарығындағы болып жатқан өзгерістерді бағалау нақты талдауды жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта еңбек нарығының инфрақұрылымы өз қатарына жұмыс күшін сату және сатып алуды, халықты жұмыспен қамтуды, оның деңгейін қоса отырып, белсенді халықты әлеуметтік қорғау шараларында қарастырады. Оның себебі инновациялық экономика аясында жеке тұлға мен экономика арасында нақты қарама-қайшылықтардың пайда болуы.

1 - кесте


Қазақстандағы ауыл шаруашылықтағы белсенді халықтың құрылымы

Жылдар	Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, мың адам	Оның ішінде		Жұмыссыздық деңгейі, %
		Жұмыспен қамтылған халық	Халық арасындағы жұмыссыздар	
2011	3971,3	3773,0	198,3	4,99
2012	4008,2	3804,7	203,5	5,1
2013	4018,0	3816,2	201,8	5,0
2014	3916,3	3722,5	193,8	4,95
2015	3838,4	3646,4	192,0	5,0

Ескерту. Автормен [5] бойынша дайындалған.

Жоғарыдағы 1-кестедегі мәліметтер бойынша, 2011–2015 жж. аралығында ауыл халқының экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны Қазақстан Республикасында 4 млн адамды құрады. 2015 ж. ауылдық аумақтарда 3,6 млн адам жұмыспен қамтылды, яғни, басқа жылдармен салыстырғанда, бұл ең төменгі көрсеткіш.

2015 ж. ауыл шаруашылығындағы жұмыссыздар саны 192,0 мың адамды құрады. Жұмыссыздық деңгейі 5,0 % көлемінде қарастырылды. Білім деңгейі бойынша жұмыссыз ауыл халқының өзіндік ерекшеліктері бар.



Ескерту. Автормен [5] бойынша дайындалған.

1-сурет. Білім деңгейі бойынша жұмыссыз ауыл халқының 2015 ж. саны

Ескерту. Автормен [5] бойынша дайындалған.

Сурет мәліметтері көрсеткендей, жұмыссыздар қатарында жалпы орта (85,1 мың), орта кәсіптік (61,7 мың) және жоғары білімі (23,8 мың) барлар басты орынды алады.

Халық арасындағы жұмыссыздар бойынша көрсеткіш әр түрлі себептер байланысты төмендемеуі мүмкін:

–еңбек нарығы және мамандық маңыздылығы өз құрылымын өзгертеді. Көптеген мамандықтар өз маңыздылығын жоғалтуда, ал нарықтық жүйеде мамандарды қайта даярлау ұзақ мерзімде жүргізілді;

–кейінгі жылдары мемлекет экономиканың аграрлы секторына көп көңіл бөлуде, аталған саланың тұрақты дамуына байланысты мемлекеттік бағдарламалар қабылдануда, нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылуда;

–оңтүстік өңірлерден солтүстік өңірлерге халықтың қоныс аударуына байланысты жұмысбастылық құрылымы, халық санының демографиялық құрамы өзгеруде және жұмыс күшінің сапасы жақсаруда. Жанұяларды көшіру барысында оларға жақсы жағдай жасау және жұмысқа орналастыру нәтижесінде кем дегенде екі басты міндетті шешуге көмектеседі: жергілікті жерлерде халықты жұмыспен қамту және мамандар тапшылығы бойынша олардың орнын толтыру жұмыстары. Қоныс аударған жанұялардың арасында келесі мамандықтар бойынша мамандар қарастырылған: мал өсірушілер, механизаторлар, автобус жүргізушілері, мұғалімдер, дәрігерлер.

Нарықтық қатынастардың тиісті заңдарына сәйкес адамзат ресурстарына деген сұраныс анықталады, бұл жағдайда мемлекеттің әлеуметтік саясаты ескеріледі. Бір жағынан, мемлекет нарықтық қатынастардың субъектісі бола отырып, нарықтық қатынастарға қарама-қайшы келтірмейтін жағдайда жергілікті жерлерде жұмысбастылық саясатын жүргізеді.

Ауылдық аумақтардағы жұмыссыздар санының көбеюі күрделі әлеуметтік мәселелерді туғызады. Ауылдық жерлерде әлеуметтік шиеленіс күшейеді, жанжал және қылмыс түрлері көбейе түседі. Ауылдық жерлерден қалалық жерлерге жаппай қоныс аудару байқалады.

Халықтың жұмыспен толық қамтылудағы ынталандыру ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді, қалалық жерлерді еңбек ресурстарымен қамтамасыз етуге мүмкіншілік береді, жаңа аумақтарды игеруге, мәдениаралық байланыстардың нығаюына әсер етеді. Ауылдық аумақтарда еңбек нарығында бос орындар кездеседі, бірақ аталған жұмыс орындар сұранысқа ие емес. Сәйкесінше ауылдық қызметкерді ынталандырудың әр түрлі себептері бар. Олардың қатарында жұмыскерлерді жоғары жалақымен қамтамасыз ету, яғни, басқа экономиканың салаларына қарағанда, ауылдық жерлерде жалақы төмен екенін баршамызға мәлім.

Ауылдық жерлерде халықты жұмыспен қамтуда ауыл шаруашылық өндірісі маңызды орын алады, сонымен қатар табиғи климаттық жағдайлар және өндіріс дамуының деңгейі де қатарлас қарастырылады. Бұл ретте ең басты жағдай еңбек табыстылығы мен еңбек әлеуетінің сапасына байланысты. Аталған факторлар нақты ауылдық аумақтардағы әлеуметтік-экономикалық құбылыстарды қалыптастыруда ерекше орын алады. Нақты секторлар бойынша салалардың тұрақты дамуы аумақтарда қосымша жұмыс орындарын ашады, ауыл халқын жұмыспен және табыс түрлерімен қамтиды.

Жүргізілген зерттеулер бойынша 2-кестеде 2012–2013 жж. аралығындағы Қазақстан Республикасында жұмыспен қамту, еңбекке белсенді халық санының деңгейі, жұмыс іздеушілер мен жұмыстан қысқарып қалған адамдар бойынша мәліметтер ұсынылған.

2 - к е с т е

Қазақстан Республикасының еңбекке қабілетті ауыл халқының саны

Р/с №	Көрсеткіштер	2011 ж.	2012 ж.	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2011-2016 жж. өзгеріс (+, -)
1	Экономикалық тұрғыдан белсенді халық, мың адам	3971,3	4008,2	4018,0	3916,3	3838,3	-133
1.1	Ерлер	2113,1	2111,0	2130,6	2106,4	2068,5	-44,6
1.2	Әйелдер	1858,2	1897,2	1887,4	1810,0	1769,8	-88,4
2	Жұмыспен қамтылған халық саны, мың адам	3773,0	3804,7	3816,2	3722,5	3646,4	-126,6
2.1	Ерлер	2016,6	2020,5	2033,1	2019,4	1982,1	-34,5
2.2	Әйелдер	1756,4	1784,2	1783,1	1703,1	1664,3	-92,1

Ескерту. Автормен [5] бойынша әзірленген.

Қазақстан Республикасында 2011–2015 жж. аралығында экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 3971,3 мың адамнан 3838,3 мың адамға дейін қысқарды, яғни бес жыл ішінде 133 мың адам жұмыстан кеткен. Ерлер саны 2113,1 мың адамнан 2068,5 мың адамға қысқарған, ал әйелдер саны 1858,2 мың адамнан 1769,8 мың адамға қысқарған. Басты айырмашылық, сәйкесінше, 44,6 мың адам және 88,4 мың адамды құрады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны бойынша әйелдер арасында олардың үлесі 46,7-46,1 %-ға дейін төмендеген.


Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санының азаю себебі республикада ең алдымен келесі жайттарға байланысты болды: 15-72 жас аралығындағы адамдардың басқа мемлекеттерге қоныс аударуы, еңбекке жарамды адамдар санының өмірден кету санының артуы. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санының азаюының тағы бір себебі — кейінгі жылдары бала туу деңгейінің төмендеуі.

Экономикалық тұрғыдан белсенді халық санының азаюының нәтижесінде ауылдық аумақтарда келесі өзгерістер байқалды, яғни 3773,0 мың адамнан 3646,4 мың адамға дейін қызметкерлер жұмыстан әр түрлі себептерге байланысты шықты. Жұмыспен қамтылған адамдар саны 126,6 мың адамға азайды.

Қазіргі жағдайда ауылдық аумақтарды келесі күнделікті мәселелер қамтиды:

- әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді дамуын жергілікті жерлерде тиімді қарастырмауы және экономикалық негіздің жетіспеушілігі;
- жергілікті бюджеттің кірістерінің төменгі деңгейі;
- жергілікті басқару органдардың жұмысын жүргізуде тәжірибелі мамандардың жетіспеушілігі;
- нақты жергілікті аумақтарды дамытудағы стратегиялық мақсатты көзделген бағдарламалардың және басымды бағыттардың жетіспеушілігі;
- демографиялық мәселелер: бала тууының азаюы, халықтың қоныс аударуы, жастарды жұмыспен қамтудағы мәселелердің шешілмеуі, ауылдық жерлерден қалалық аумақтарға көшуі, ауылдық жерлердегі жастарға арналған инфрақұрылымның болмауы.

Ауылдық аумақтардағы жұмыспен қамтылған ерлер мен әйелдердің арақатынасы 2-суретте берілген.



Ескерту. Автормен [5] бойынша дайындалған.

2-сурет. Ауылдық аумақтардағы жұмыспен қамтылған ерлер мен әйелдердің арақатынасы

Ауылдық аумақтардағы жұмыспен қамтылған ерлер мен әйелдердің арақатынасы бойынша салыстырма талдау жасайтын болсақ, әйелдерге қарағанда, ерлер саны өте көп. Алайда ерлер мен әйелдер арасында оларды жұмыспен қамту үлесі уақыт өткен сайын азайып келеді. Ерлерді жұмыспен қамту 2016,6 мың адамнан 1982,1 мың адамға дейін (-34,5 мың адам) қысқарған. Әйелдерді жұмыспен қамту 1756,4 мың адамнан 1664,3 мың адамға дейін (-92,1 мың адам)

қысқарған. Бұл ерлерді жұмыспен қамтудағы келесі өзгерістерге әкеп соқты: яғни 2011 ж. 53,4 % құраса, ал бұл көрсеткіш 2015 ж. 54,4 % жетті.

Енді еңбек ресурстарын гендерлік жүйеде бөлуді ауылдық экономикалық бағыттарда қарастырайық. Негізгі ерекшелік мынада: егер ер адам басқарушы болып тұрса, бұл барлығымызға таңғаларлық жайт емес, ал егер әйел адам басқарушы болса, онда көпшілікте басқаша ой пайда болады. Ерлер мен әйелдер арасында әлеуметтік келісімнің түсінбеушілігі құрылады, яғни қызметтегі ерлер мен әйелдер арасындағы олардың рөлі қандай деген сұрақ туады. Ерлер көп жағдайда еңбек түрлеріне бейімделген қызмет түрін атқаратын материалдық жағдайды қамтамасыз ететін қызмет шарттарын орындайды, ал әйелдер көп жағдайда отбасына және үй шаруашылығына бейімделеді. Сондықтан әйел адам үшін еңбек түрлері екінші қатарға қойылған. Өмірлік деңгейде ерлердің үстемдігі басым болғандықтан бұл белгілі бір жүйе ретінде бекітілген, яғни қоғам дамуының негізгі қағидасы. Аталған гендерлік тәртіп ауылдық аумақтардың өндірістік салаларында кездеседі.

Ауылдық аумақтардың басым бөлігі Қазақстан Республикасында жер көлемі жағынан аса маңызды орын алады, яғни ауылдық жерлерде қазақстандық азаматтардың 40 % өмір сүреді. Табиғи байлығы бойынша, экономикалық, демографиялық, тарихи-мәдени әлеуеті жағынан қарастыратын болсақ, ауылдық аумақтар мемлекеттің әлеуметтік дамуына және экономикалық өсуді қамтамасыз етуге елеулі үлес қосады.

Алайда мемлекет тарапынан ауылдық аумақтарды дамыту барысындағы атқарылған жұмыстардың нәтижесінде, бизнес өкілдерінің және қоғамдық ұйымдардың қолдаулары бойынша аумақтарды тұрақты әлеуметтік-экономикалық даму үрдістеріне шығару — заман талабының бағыттары. Негізгі ауылдық аумақтарды дамытудың жолы — кешенді бағдарламалар дайындау және жергілікті ауылдық өндіріс орындарының басты бағыттарын айқындау және оларды қолдау.

Ауылдық аумақтарды дамытудағы басты жағдай — әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді және тұрақты тәртібін қалыптастыру, бюджеттік жоспарлауды тиімді ұйымдастыру, мақсатты-бағдарламалы әдістерді басқару және жергілікті жерлерде әлеуметтік-экономикалық даму үшін арнайы мамандандырылған технологияларды дайындау.

Ауылдық аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудағы негізгі стратегиялық міндеттер, жергілікті бюджеттің орындалуы және қалыптасуы, экономикалық қызметтің орындалуы, әлеуметтік секторды қолдау, жергілікті шаруашылық салаларды кешенді дамыту, жеке меншікті дамыту жергілікті аумақтарда арнайы дайындалған аумақтық жоспарлардың аясында жергілікті басқару органдарының қолдауымен және бақылауымен жүргізілуі тиіс. Сонымен қатар мемлекеттік басқару органдарының қатаң тәртібі бойынша бақылауға алынуы қажет.

Қазіргі уақытта Қазақстанда көпшілік жағдайда ауылдық аумақтарда жоғарыда аталған мәселелер бойынша материалдық және ұйымдастыру ресурстары әлі де болсын жеткіліксіз деңгейде.

Ауылдық аумақтарды дамытудағы әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді және тұрақты режимдерін қалыптастыру барысында келесі мәселелерді жатқызуға болады:

– ауылдық аумақтарды дамытудағы әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді және тұрақты бағыттарын ашудағы құқықтық және әдістемелік жақтардың болмауы, сонымен қатар мемлекеттік бағдарламаларды дайындау, орындау және бақылауда біртекті әдістемелік негіздің жоқтығы;

– ауылдық аумақтарды дамытудағы ынталандыру қызметінің жүргізілмеуі және салықтық базаның төмен болуы;

– ауылдық аумақтарды дамытуда әлеуметтік-экономикалық жобалауды жүргізу барысындағы ақпараттық технологияның жергілікті басқару органдарында жетіспеушілігі, сонымен қатар бюджетке түскен кіріс көлемін анықтаудағы мәмілелер бойынша ақпараттың толық есепке алынбауы, аумақтардағы жиналатын жер төлемдері бойынша есеп-қисаптың бақылаусыз қалуы;

– әкімшілік тарапынан ұйымдастыру қызметінің дұрыс бағыттарға қойылмауы, жергілікті басқару органдары мен халық арасындағы, қоғамдық ұйымдар арасындағы әлеуметтік экономикалық дамудың бағдарламаларын және жоспарын дайындауда, қалыптастыруда және бақылауда тығыз байланыстың жетіспеушілігі;

– ауылдық аумақтардағы жергілікті басқару органдары мен шаруашылық субъектілер арасындағы құқықтық реттеудің дұрыс жолға қойылмауы, яғни мемлекеттік жеке меншік әріптестік бағдарламаларды қарастыру кезінде қаржылық құралдардың жетіспеушілігі.

Сонымен, ауылдық аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамыту барысындағы негізгі сұрақтар бүгінгі күні маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Ауылдық аумақтарды еңбек ресурстарымен қамтамасыз ету үшін мыналар қажет:

– еңбек нарығын ұзақ мерзімді және стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру;

- ауылдық аумақтарды қаржылық және материалдық ресурстармен қамтамасыз ету жолдарын дайындау;
- ауылдық аумақтарды тұрақты және кешенді дамытуда әкімшілік қызметінің тиімділігін, жауапкершілігін ұлғайту;
- жергілікті аумақтарда қолайлы инвестициялық ахуал қалыптастыру;
- ауылдық жерлерге жас мамандарды тарту, демографиялық мәселелерді шешу.

Ауылдық аумақтарды дамытудағы әлеуметтік-экономикалық саясатты мемлекеттік жауапкершіліктің азаматтық қоғамның, бизнес өкілдерінің бір бөлігі ретінде қарастырған жөн, себебі халыққа сапалы деңгейде қызмет көрсету — бұл қоғам алдындағы басты міндет. Ал сапалы өмір сүрудің нәтижесі — бұл тиімді басқарудың әсері.

Ауылдық аумақтарды дамытудағы әлеуметтік-экономикалық дамудың кешенді және тұрақты бағыттарының басты факторы болып ауылдық жерлерге жастарды тарту мәселесі, яғни, әлеуметтік экономикалық үрдістерді қалыптастыру табылады.

Жұмысбастылық мәселесін тұрақты шешу және ауылдық аумақтардағы жастарды табыспен қамтамасыз ету — ауылды дамытудың басты міндеті. Бұл мәселені шешу үшін ауылдық жерлерде ауыл шаруашылық өнімдерін дайындайтын өндіріс орындарын ашу керек, кооперация түрлерін ойластыру, шаруа қожалықтарының санын арттыру, жеке шаруа қожалықтарын ашу, жеке кәсіпкерлік қызметпен айналысатын тұлғалардың санын көбейту, ауыл шаруашылық өнімдерін дайындаудағы оларды өткізу алаңдарын қарастыру, шағын бизнесті дамыту, ауыл шаруашылық өнімдерді сақтау, дайындау және өткізу жолдарын қарастыру.

Қорыта айтқанда, ауылдық аумақтардағы еңбек қатынастарын басқару қазіргі таңда стратегиялық бағыттардың басты бөлігі болып табылады, яғни бұл шаруашылық аралық секторларды тиімді басқару, шаруашылық субъектілер арасындағы өндірістік және әлеуметтік-экономикалық байланыстарды тиімді жүргізілу үшін керек. Ауылдық аумақтар бүгінгі таңда жер және өндіріс құралдарына деген құқықтық қатынасқа толық иелік етуде, нәтижесінде экономикалық өнім сатуға мүмкіндік алуда. Аталған мәселе ауылдық аумақтардағы өндірістік-экономикалық қатынастардың дамуына әсер етеді.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Большая советская энциклопедия. — [ЭР]. Режим доступа: dic.academic.ru/contents.nsf/bse/.
- 2 Толковый словарь русского языка / Под ред. С.И. Ожегова. — [ЭР]. Режим доступа: www.ozhegov.org.
- 3 Шушков А.А. Толково-понятийный словарь русского языка. — М.: АСТ; Астрель; Транзиткнига, 2003. — 768 с.
- 4 Шапиро С.А., Шатаева О.В. Трудовые ресурсы как ключевой фактор модернизации экономики РФ // Ученые записки Российской академии предпринимательства. — 2010. — № 25. — С. 274–284.
- 5 Экономическая активность населения Казахстана. — Астана: Комитет по статистике, 2016. — 207 с. — [ЭР]. Режим доступа: www.stat.gov.kz.

А.А. Абаев

Роль трудовых ресурсов в развитии сельских территорий

В статье рассмотрены особенности проблемы формирования трудовых ресурсов в сельской местности. Автором трудовые ресурсы определены как трудоспособное население, осуществляющее трудовую деятельность, состав трудовых ресурсов сельских территорий представлен в виде постоянных, сезонных и других категорий работников. Проанализированы структура экономически активного сельского населения Республики Казахстан, а также их занятость за 2011–2015 гг. Наблюдается уменьшение численности экономически активного сельского населения Республики Казахстан, что в основном связано с сокращением рождаемости, естественной убылью населения, выбытием из сельской местности, низкой привлекательностью и бесперспективностью жизни и работы на селе для молодежи. В статье охарактеризована численность сельского безработного населения за 2015 г. по уровню образования. Отмечено, что имеющиеся вакансии в сельской местности не востребованы из-за низкого уровня заработной платы по сравнению с другими отраслями экономики. Проанализирована структура занятого сельского населения в разрезе гендерной политики. Выявлено, что в структуре занятого сельского населения основную долю занимают мужчины, а женщины ведут домашнее хозяйство и для

них трудовая деятельность является вторичной и неперспективной. Предложены рекомендации по дальнейшему совершенствованию трудового потенциала сельских территорий.

Ключевые слова: трудовые ресурсы, сельские территории, сельское население, занятость, уровень безработицы, трудоспособное население, сокращение рождаемости, низкая привлекательность.

A.A. Abayev

The role of labor in the development of rural areas

The paper discusses the features of the formation problem of the labor force in rural areas are discussed in this paper. The author defined the labor as the working population engaged in labor activities. The labor force in rural areas is presented in the form of permanent, seasonal and other categories of workers. The author analyzed the structure of the economically active rural population of the Republic of Kazakhstan, as well as their employment for the years 2011-2015. There is a decrease in the economically active rural population of the Republic of Kazakhstan, which are mainly related to the reduction of birth rate, natural population loss, retirement from the rural areas, and low attractiveness of the prospect of living and working in rural areas for young people. The article describes the rural unemployed population for 2015 by level of education. The author notes that the existing vacancies in the countryside are not in demand because of the low level of wages in comparison with other sectors of the economy. There is the structure of the employed rural population in the context of gender policy. Recommendations to further improve of the employment of rural areas are given.

Keywords: human resources, rural regions, rural population, employment, unemployment, able-bodied population, fertility reduction, low attractiveness.

References

- 1 *Great Soviet Encyclopedia*, dic.academic.ru/contents.nsf/bse/.
- 2 *Dictionary of Russian language*. Ed. S.I. Ozhegov, www.ozhegov.org.
- 3 Shushkov A.A. *Conceptual Explanatory Dictionary of the Russian language*, Moscow: AST; Astrel; Transitkniga, 2003, 768 p.
- 4 Shapiro S.A., Shataev O.V. *Scientists of the Russian Academy of notes business*, 2010, 25, p. 274–284.
- 5 *Economic activity of the population of Kazakhstan*, Astana: The Committee on Statistics, 2016, 207 p., www.stat.gov.kz.